

27 қыркүйек 2023 ж.
Алматы қ.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ШҚО-ға әлеуметтік мазутты жеткізуге қатысты жағдай туралы

Petrosun компаниясы 2023 жылдың қазан айынан бастап Павлодар мұнай-химия зауытынан (ПМХЗ) Шығыс Қазақстан облысына (ШҚО) 1308 тонна көлемінде әлеуметтік мазутты жеткізуге ниетті. Бұл міндеттеме ҚР Энергетика министрлігі бекіткен «2023-24 жж. Күзгі-қысқы кезеңде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелерге мазутты жеткізу үшін облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын мұнай және мұнай өнімдерінің негізгі ресурстарын ұстаушыларға бекіту кестесінде» ескерілген.

Осы мақсатта 2023 жылдың қыркүйек айында Petrosun ШҚО әкімдігі 2023 жылы 25 тамызда ұсынған тізімге енгізілген әлеуметтік мазутты сатып алу жөніндегі барлық операторлармен негіздемелік шарттар жасады. «Риддер ЖЭО» АҚ-тан басқа барлығымен. Кәсіпорын «Водоканал» ҚМК-ға құқық белгілейтін құжаттарды тапсырған, соған байланысты келісімге қол қойылмаған.

Petrosun компаниясы «Риддер ЖЭО» АҚ-ға құжаттарды дұрыс алу мақсатында бірнеше рет хабарлама жолдағанымен, акционерлік қоғам жауап қайтарған жоқ. 2023 жылы 22 қыркүйекте сағат 19:54-те (яғни, жұмыс аптасының соңында) облыс әкімдігі «Риддер ЖЭО» АҚ-тың орнына жаңа оператор – «Риддер қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ көрсетілген нақтыланған тізімді жолдады. 2023 жылы 25 қыркүйекте Petrosun шарт жасасу үшін осы кәсіпорыннан құжаттарды сұрады.

Petrosun компаниясының ШҚО әкімдігінің тізімінен келісімдерге қол қою үшін операторлардың байланыс деректерін ұсыну туралы барлық сауалдарының жауапсыз қалғанын айта кеткен жөн. Сондықтан компания іздестіруді өз бетімен жүргізуге мәжбүр болды.

Осылайша, облыс әкімшілігімен және кейбір операторлармен қатынаста туындайтын қиындықтар әлеуметтік мазуттың дер кезінде жеткізілуіне, тиісінше, азаматтардың үйлеріне жылудың берілуіне елеулі әсерін тигізуде.

Өткен жылыту маусымында Petrosun компаниясы «Риддер ЖЭО» АҚ-ға жалпы көлемі 807 тонна әлеуметтік мазут жеткізгенін естеріңізге сала кетейік. Компания «Petroleum Operating» ЖШС үшін жеткізілімдердің орындалуының есебіне ҚР ЭМ қайта бөлу жөніндегі өз міндеттемесін орындады. «Риддер ЖЭО» АҚ-ға «Петролеум Оперейтинг» ЖШС-не бұрын төленген соманы қайтару үшін уақыт қажет болғандықтан, Petrosun көрсетілген жеткізілімді төлемнің кейінге қалдырылуымен жүзеге асырғанын атап өтейік. Берешектің өтелуі келісілген мерзімде толық көлемде іске асырылды.